

9 -дәріс

ГОСТ 7.86-2004 Басылым аннотациясын дайындау.

Баспа аннотациясына қойылатын жалпы талап.

Кітап басылымының титул бетіне аннотациялы кәртiшке макетін дайындау.

Аннотациялы кәртiшке макеті басылымды безендірудің қосымша элементі болып табылады. Әдетте аннотациялы кәртiшке макетін, өз басылымдары жоғары деңгейде, сапалы болып шықсын деген өзін және оқырмандарын бағалайтын баспагерлер келтіреді. Ол басылымды әртүрлі ақпараттық деректерге, кітаптың түрлі библиографиялық жазбаларын құрастырып енгізуге арналған. Аннотациялы кәртiшке макетінің бір бөлігі болып саналатын баспагердің аннотациясы сатып алушыларға кітаптың мазмұны туралы қысқаша ақпарат береді және кітаптың жақсы таралуына ықпал етеді.

Аннотацияның мәтіні қысқа, анық болуы керек және онша қажетсіз ақпараттар болмауы керек. Аннотацияға мыналарды қосуға болмайды: басылымның библиографиялық сипаттама элементтерін; жалпыға белгілі ақпараттар; арнайы мамандарға арналған ғылыми терминологиялар (аннотация маман емес жалпы оқырмандарға түсінікті болуы керек); мәтіндегі сөйлемдер мен басылымнан алынған үлкен цитаталар.

Көркем әдебиет шығармаларының аннотациясында мына мәліметтер көрсетілгені орынды болады:

- автор туралы мәлімет (қай уақыттың өкілі, ұлты, басқа шығармаларға авторлығы);
- шығарманың (шығармалардың) жанры;
- шығарманың негізгі тақырыбы және көтеретін мәселелері, сипатталатын оқиғаның орны мен мезгілі;
- қандай оқырмандарға арналғаны (балалар үшін басылымдарда).

Егер аннотация әртүрлі авторлар шығармаларының жинағы үшін құрылса, немесе автор әртүрлі бүркеншек аттармен жарыяланған болса, автордың аты ашып көрсетіледі. Сонымен бірге егер жинақты құрастырушылар әдебиет саласында қызмет ететін белгілі тұлғалар болса, олардың да аттарын лауазымдарымен көрсетуге болады.

Автор туралы мәліметтерді төмендегі түрде көрсетуге болады: «Қазақ әдебиетінің классик жазушысы ... тарихи романында», «Қазіргі заманғы жапон ақыны ... өлеңдер жинағында», «Көрнекті жазушы-драматург, сыншы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты ... ». Шығарманың жанры аннотацияда толық ашылып көрсетіледі, мысалы: «фантастикалық повесть», «тарихи роман», «лирикалық өлеңдер» т. с. с.

Ресми, ғылыми, нормативті-техникалық басылымдарға аннотация құрастырған кезде басылымның түрі мен жанры көрсетіледі.

Көп томды басылымдардың жеке томдарына библиографиялық жазба құрастырған кезде бір аннотацияны барлық томдарда қайталауға болмайды. Әр томның мазмұны мен ерекшеліктерін ашып көрсеткен дұрыс.

Көп томды басылымдардың жеке томдарына аннотация жазғанда жалпы басылым туралы қосымша ақпараттар беріледі: алдыңғы томның шыққан уақыты; көп томды басылым бірнеше жыл бойы басылатын болса, келесі томның шығатын уақыты; көп томды басылымның жалпы негізгі тақырыбы, оның мақсаты мен оқырмандарға аралуы.

Аннотациялы кәртiшке макетін титул парақтың сыртқы бетінің төменгі жағында, ISBN нөмірі мен авторлық құқықты қорғау белгісінің үстіне орналастырады. Сонымен бірге, аннотациялы кәртiшке макетін титул парақтың соңғы бетінде, шығару деректерінің алдына орналастыруға да болады.

Аннотациялы кәртiшке макетін дайындау мемлекетаралық ГОСТ 7.51—98 «Карточки для каталогов и картотек. Каталогизация в издании. Состав, структура данных и издательское оформление» стандартына сәйкес жасалады.

Әдебиеттер тізмі

1. Мұқатаева Қ. Баспа ісіндегі стандарттар : оқу құралы – Алматы : Қазақ университеті, 2012- 210 б.

2. Майлықұтова М.Ж. Баспа басылымдарының стандарттары: оқу құралы.- Алматы : Қазақ университеті, 2012.

Интернет:

1. Lib.kazsu.kz./Books/bk023/

2. [Http://www.newsland.ru](http://www.newsland.ru)

3. www.kazakhstanlive.ru

4. <http://www.bookchamber.ru/standards.htm>